

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

жағдайлардың бірі мынада деп білеміз. 1930 жылдары оқулық авторына ату жазасы бұйырылып, кейін Ақ теңіз жағалауына айдалып кеткен уақытта қайраткердің құнды мұрасы авторы көрсетілмеген түрде мектептер мен оқу орындарында қолданылып жүрді. Осындай жағдайлардың көптігі қазақ халқының тарихына деген адалдығын, бұл оқулықтың педагогика, математика, әдебиет салаларымен тығыз байланысты екенін аңғартады. Алаш баласының алғашқы оқулықтарының бірі болған «Қирағат» балаларға гигиена жайынан сөз еткен қазақ педагогикасындағы алғашқы еңбек болды. «Қирағат» қазақ оқушы қауымына арнап гигиена, әдептілік пен әдет, мінез-құлық жайында шарттарды жазған, сауат ашу, математика, сергіту сәті сынды педагогтық жоспардың барлығын толықтай қамтыған құнды еңбектердің бірінен танылды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Горький М. О детской литературе, детском и юношеском чтении. – Москва.: Дет. Лит., 1989. – 222 с.
2. Дулатұлы М. Алты томдық шығармалар жинағы. 4-том: Ағартушылық бағыттағы еңбектері мен оқу құралдары. / Құраст.: Г. Дулатова, С. Иманбаева. – Алматы: Мектеп, 2013. – 344 б.
3. Рүстемова Ж.А. Қазақ балалар әдебиеті. Оқулық. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2009. – 280 б.
4. Қалкеева Қ.Р., Ахметова П.А., Бижанова Ғ.Қ. Қазақстандағы білім және педагогика ғылымдарының тарихы. Оқу құралы. – Арқалық: 2010. – 209 б.

ӘОЖ 82.1

КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТЕГІ ОТАРШЫЛДЫҚ ПЕН ӘЙЕЛ ТАҒДЫРЫ

Кәрімова Айнұр

ainurkarimova03@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Филология факультеті,

«Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау» тобының 3 курс студенті Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші: ф.ғ.д., қауымд. проф. А.Ә.Үсен

М.Ю. Лермонтовтың «Біздің заман батыры» 1838-1840 жылдар арасында жазылған романы. «Біздің заман геройы» деп те аталып жүрген бұл роман орыс прзасындағы ең алғашқы лиро-психологиялық туынды болды.

Михаил Юрьевич Лермонтов – атақты орыс ақыны, жазушы, драматург және өз кезегінде суретші де болған. 1814 жылы 3 қазанда Мәскеу қаласында ақсүйектер отбасында дүниеге келген. Әкесі Юрий Петрович Лермонтов жаяу әске капитаны, әскери адам болған. Анасы Мария Михолайовнада әскери адамдар отбасында дүниеге келген. Жас ақын 1828-1830 жылдар аралығында Мәскеу қаласындағы ақсүйектер пенсионында тәрбиеленіп, кейін 1830-1831 жылдары Мәскеу қалалық оқу орынында білім алады. Лермонтов өмірінің ақындық кезеңдері де осы пенсионда бастау алып, алғашқы «Черкестер», «Кавказ тұтқыны» өлеңдерін дүниеге әкеледі. 1834-1837 жылдары Гусар полкінде әскери қызметтер атқарады. Лермонтовтың шығу тегі жайлы әр түрлі пікірлер бар, соның бірі бойынша Лермонтовтар тұқымы Шотландиядан шыққан және тұқым жартылай мифтік бард- пайғамбар Томос Лермонттан тараған деген де пікірлер бар. Осы шотландық тамырларына арнап Лермонтов 1831 жылы «Тілек» өлеңін арнаған. Жас кезінде Лермонтов өз шыққан тегін ХVІІ ғасырдың басындағы Испан мемлекет қайраткері Франсиско Лермамен байланыстырған. Ақынның бұл қиялдан туған ойлары Лерманың қиялдан шығарған портретінде және 1830 жылғы «Испандықтар» драмасында көрініс тапты.

1837 жылы 1 ақпанда А.С. Пушкиннің болуна байланысты Лермонтов «Ақынның қазасы» атты өлеңін жазып, сол өлеңі үшін тұтқынға түсіп, Кавказ жеріне дейін жер аударылады. 1841 жылы Пятигорск қаласында офицер Мартыновпен дуелде, Мәскеу жерінде қаза болады. Небәрі 27 жыл өмір сүрген Лермонтов орыс әдебиетінде жоғары орын алып, «Пушкиннің ізбасары» атағына ие болды. Ақынның *“Періште”*, *“Желкен”*, *“Русалка”*, *“Бородино”*, *“Тұтқын”*, *“Дұға”*, *“Теректің сыйы”*, *“Пайғамбар”*, т.б. лирик. өлеңдері; *“Мцыри”*, *“Демон”*, т.б. поэмалары, *“Бір түрлі адам”*, *“Екі ағайынды”*, *“Маскарад”* (өлеңмен жазылған) драмалары; *“Біздің заманның қаһарманы”* романы, т.б. повестері мен очерктері орыс әдебиетінің озық үлгілері болып саналады. Лермонтов өз шығармаларында 19 ғ-дағы орыс халқының әлеуметтік жағдайын, қала мен дала адамдарын, әскерилер мен зиялылар, шаруалар өмірін, өзге халықтар тағдырын көркем сөзбен оқырманға жеткізді. Орыс, түркі, кавказ халықтары тарихы мен фольклорын өз туындыларында керемет пайдалана білді. Лермонтов шығармаларын І.Жансүгіров, Қ.Аманжолов, Т.Жароков, т.б. көптеген ақындар қазақ тіліне аударды.

«Біздің заман батыры» Лермонтовтың атын шығарған тырнақ алды туындысы болды. Романды ақын екі жыл бойы жазып, 1840 жылы «Отечественные записки» журналында алғаш жарыққа шығарды. Шығарма Лермонтов творчествасы үшін ғана емес, бүкіл орыс әдебиеті үшін маңызы зор шығармаға айналды. Оның басты себебі романда тек сол замандағы орыс халқының өмірі ғана суреттеліп қоймай басты кейіпкерді толық психологиялық талдаудан өткізеді. Яғни «Біздің заман батыры» орыс әдебиетіндегі алғашқы әлеуметтік және психологиялық реализм стилінде жазылған прозасылық роман болды. Ресейдегі әлеуметтік жағдайдың жарқын және үйлесімді сипаттамасы XIX ғасырдың 30 жылдарындағы тарихына жағдайы сипатталған моральдық және философиялық еңбек болды. Лермонтовтың бұл еңбегі басқа туындыларынан ерекшеленді. Оны шығарманы оқып отырып-ақ байқауға болады. Біріншіден, оқиғада хронологиялық реттіліктің бұзылғанын байқау қиын емес. Оқиға басты кейіпкер Печориннің өмірінің орта кезінен басталады. Екіншіден, оқиға бірнеше адам атынан, негізгі кейіпкерден жүргізіліп отыр. Оқиғаның бастауы бөтен адамның атынан, яғни оқиғаны көрген адам атынан, әңгімелеуші көзімен көрсетіледі. Оқиғаның әр кейіпкерлер атынан, тіпті алғашқы екі бөлімінде басты кейіпкердің жазған күнделігі ретінде берілуі әртүрлі оқиғадағы кейіпкерлер көзқарасын, ойын байқауға мүмкіндік береді.

«Біздің заман батыры» жанр бойынша психологиялық проза роман, мұнда ақын бір кейіпкердің өмірін суреттеу арқылы оның ішкі жан дүниесін, өмірге көзқарасын, мінездің ішкі дүниесіне толық талдау жүргізді. Романда өзінің мазасыздығынан қиналған жас жігіттің: «Мен неге өмір сүрдім? Мен не үшін дүниеге келдім?» – деп мына өмірден көңілі қалған. Оның зайырлы жастардың жақсы жүріп өткен жолымен жүруге еш ынтасы жоқ. Печорин бейнесі сол заманның батырының бейнесімен беріледі. Ол ақылды, білімді, өжет, жігерлі, талантты. Бойындағы тұнып тұрған жақсы қабілеттеріне қарамай, мінезіндегі, бойындағы қарама-қайшылық қасиеттер оқырманды таң қалдырады. Ол елге қалаулы офицер қызыметінде жұмыс жасайды алайда елге қызмет етпейді. Печориннің қоғамға, адамға деген немқұрайлылығы, бұл өмірде маған лайық қызық қалмады деп ойлауы оны өзімшілікке алып келді. Достық та да махаббат та оған лайық емес, себебі Печорин бойында оған керек адалдық, тұрақтылық қасиеттері жоқ. Басты кейіпкердің ауыр мінезі мен қиын көзқарасының басты себебі 19 ғасырдың 30-жылдарындағы қоғамдық-саяси жағдайлардың салдары, мұнда реакция, терең күйзелістер уақыты деп санауға болады.

Салыстырғалы отырған тақырыбымыз М.Ю. Лермонтовтың «Біздің заман батыры» романындағы «Белла» бөлімі мен Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романы.

«Біздің заман батырында» оқиға желісі Кавказды аралап жүрген офицер-баяндаушы атынан баяндап бастау алады. Ол жолай Максим Максимовичпен- ескі штап капитаны, Ресейдің оңтүстік шекара бекінісінің бұрынғы комендантымен кездесіп оған өз қол астындағы жас, талантты офицері жайлы әңгімелеп береді. Печорин өзін опасыздық жасап жүр деп айптаған юнентрмен дуелге шығып оны өлтіреді. Басқарма шешімімен Кавказға жер аударылады. Жас офицер Печорин мен Максим Максимович тез тіл табысып кетеді, жақын араласады. Кейін Кавказдағы жергілікті князь өз жерінде жүрген лауазымды офицерлерді қызының үйлену тойына шақырады. Княздің қадірлі қонағы болған Максим Максимович пен Печорин онда Белла есімді княздің кіші қызын кездестіреді. Беллаға көңілі кеткен Печорин онымен қосылуды армандайды. Печориннің көзінде Белла бұрын сонды көрмеген ерекше сұлу ару болып көрінеді. Белла болса черкес князінің сұлу да, қылықты, ақылды, қарапайым кіші қызы. Аруға басы кеткен Печорин Белланы ұрап алып кетуге бекінеді, ал бұл ойға оны Максим Максимовичтің кездейсоқ Белланың інісі мен Казбичтің арасындағы диалог итермелейді. Казбич- княздің қадірлі қонақтарының бірі. Ол өзінің қатігездігімен, батылдығымен елгі танылған екен. Мұндағы оқиғаның шиленіскен тұсы Казбичтің де Белла аруға көңілінің болуында еді. Бұны пайдаланғысы келген Белланың он бес жасар інісі Азамат өзі Казбичке ұсыныс жасайды. «Мен саған Белланы ұрлап алып кетуге өзім алдыға әкеп, көмек беремін, ал сен маған өз тұлпарыңды бер» дейді. Казбичтің өзі өсірген ерекше тұлпары сол өңірге танымал еді, ал Белланың інісі Азаматтың бар арманы сол тұлпарға қол жеткізу болды. Казбич бұл ойға қарсы болады, ал Печорин үшін таптырмас мүмкіндік болды. Осылайша Печорин Казбичтің тұлпарын ұрлап Азаматқа береді, ал Азамат Белланы Печориннің қолына өзі апарып тапсырады. Солайша Азамат жылқымен бірге елден қашып, жоқ болады.

Белла өзі сүймеген жанның алып қашып кеткеніне қатты қапа болады. Өзі танымайтын адамның қолында қамауда болып, үйін, отбасын сағынып қайғырады. Печорин болса Беллаға қамқорлық танынып, махаббатын, бар көңілін бөледі. Уақыт өте келе Белланың да Печоринге сезімі пайда болып, ғашық болады. Алайда бұл уақытқа дейін Печориннің Беллаға деген көңілі суып қалған еді. Ол бұрынғыдай Беллаға көңіл бөліп, оның жанында болмайды. Аңшылыққа көп шығып Белланы үйде жалғыз қалдырып кетуді шығарады. Осындай бір күндерді пайдаланған Казбич Белланы алып қашады. Мұны естіген Печорин артынан қуғынға түседі. Қашып құтылмасын білген Казбич Белланы маған бұйырмаса ешкімге бұйырмайды дегендей жаралап, қаша жөнеледі. Белла Печориннің қолында қаза болады. Осылайша Белла да, әкесі де Казбичтің құрбандарына айналады. Печоринді кейін Грузиялық полкке ауыстырады. Печорин осылайша өзі ғашық болған аруын тез ұмытады.

«Ақбілек» Жүсіпбек Аймауытовтың 1927 жыл жарық көрген психологиялық романы. Романда сол замандардағы қазақ аулдарының басына туған қиын қыстау кезеңдерді, халықтың әлеуметтік жағдайын ашып суреттейді. Сол замандағы тартыс, ақтар мен қызылдар арасындағы соғыс, орыс офицерлерінің қазақ аулдарына жасалған ұрлықтары, жамандықтары оқырман жүрегіне әсер етпей қоймайды. Оқиға желісі Ақбілектің айналысуда өрбіп, қаршадай қыздың бір басын түске таудай ауыртпалықты баяндайды.

М.Ю. Лермонтовтың «Біздің заман батырындағы» «Белласы» мен

Ж. Аймауытовтың «Ақбілегінде» өзіндік ұқсастықтар бар.

Екі шығармада тақырыптық-жанрлық жағынан психологиялық тақырыпты қозғайды. Шығарма арқылы сол заманның бет бердесін, ашшы шындығын көрсетеді. Бұдан бөлек кейіпкерлер бейнесінде, оқиғалар желісінде де ұқсастықтар бар.

Ең бірінші: Қарамұрт пен Печорин арасындағы ұқсастық. Екеуі де ауқатты отбасында дүниеге келген, шытырман оқиғалар іздеп жүрген батыл да, ержүрек офицерлер. Екеуі де өзіне керегін алу үшін барлық іске барады. Олардың батыл қасиеттерін мына оқиғалардан байқауға болады.

Орыстардың қолына түскен он төрт жасар Ақбілекке орыс офицерлері күш көрсетпекші болғанда, дуэльге шығып өзі үшін күреске офицерді Ақбілек өзі таңдаған болатын. Қарамұрт оны көптің қолында тастамай, өзі иемденеді.

Печорин соқыр баланың артынан еремін деп контрабандиттердің соңына түсіп оларды әшкерелеуі, өзіне айып таққан юнкармен дуелге шығып өлім құшуынан байқауға болады.

Екінші: Белла мен Ақбілек арасынағы ұқсастық. Екі ару да шығармада сұлу, ақылды, шарасыз кейіпте суреттеледі.

Ақбілектің шарасыздықтан Қарамұрттың ұсынысына келісуі, көптің қолына жем болмауын қалауында ғана еді. Оның өмірге деген құштарлығы, жігері, қиналғанда өзін алып шыға алтын ақылы Ақбілекті сан мәрте өлімнен аман алып қалған еді.

Белла болса өзін алып қашқан Печориннің қолында шарасыздықтан қалады.

Үшінші: екі оқиғада да Печорин Белланы, ал Қарамұрт Ақбілекті қыздың еркінсіз, өз қалауынсыз алып қашады.

Төртінші: екі оқиға желісінде де алып қашуға көмектескен, дәнекер кейіпкерлердің болуы. «Ақбілекте» Мұқаш есімді кедей Ақбілектің әкесі Мамырбайдан кек аламын деп қаршадай қызды орыстарға ұстап беруі еді. «Беллада» інісі тұлпар мінем деп әпкесін Печориннің қолына өзі тапсыруы еді.

Бесінші: Ақбілек те, Беллада қамауда болып өз үйін, елін сағынып қайғыда құса болуы. Өз туған жеріне, еліне деген сағыныш сезімі, құрметі байқалады.

Алтыншы: Қарамұрт Ақбілекті құтқарып, иемденгеннен кейін оған жас балаша күтім жасап, қамқорлық білдіре бастайды. Бұны шығармадағы еліне келген Ақбілектің Бекболатты Қарамұрт көріп аңсауын, оның қолдарын Қарамұрттың қолдарындай елестетуі, кейін Ақбілектің өзі де Қарамұртқа еш жеккөрушілік жоқ екенін мойындауы дәлел еді. Осы бір тұстар Печориннің Белла өзін ұнатқанша оған көңіл бөліп қамқорлық танытқан тұстарына ұқсас еді.

Белла мен Ақбілектің баснда болған оқиғаларда айырмашылығы шығарманың қортындысынан ақ байқалады. Белла Печориннің тұрақсыз, өзімшіл қасиеттерінің құрбаны болып, ақыр аяғында өлім құшады. Ақбілек болса күресті, соңына дейін күресумен болды. Орыс офицерлерінің, Қарамұрттың қоғамға, өмірге деген көзқарастарының құрбаны болса да, жақындары, тіпті сүйгені теріс айналса да мойымай күресіп, ақыр соңында оқып, білім алып, көзін ашып, өзі армандаған отбасыға қол жеткізеді. Бұдан байқайтынымыз Белланың образынан тек жәбірленуші, құрбан болған адамды көрсек, Ақбілек болса күрескер, ерік-жігері мол нағыз қазақ аруының бейнесін жасайды.

Печорин сол қалпы ештеңені бағаламастан, түсінбестен алдыға жылжып сапарын, мансабын жалғастыра берді. Қарамұрт болса «Орыс сияқты жері мол, қолтығы кең жұрттың қол астына қарағанына қазақтар қуануы керек. Қашып-пысып жүрген соң олардың жерін, малын тонап күн көреміз. Олар күресіп бір беткей ел болып жатқан жоқ сондықтан орыстарға бағыну керек» деген көзқарасымен ештеңеге қол жеткізбей, өз еліне қайтып оралады.

Психологиялық тақырыпты көтеріп, халық тағдырын бейнелеген М.Ю. Лермонтовтың «Біздің заман батыры» мен Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романдарында екі түрлі заман, ел, оқиғаларды әңгімелесе де осындай бір автор көрсетпек болған, айтпақ болған бейнелер мен көріністерде ұқсастықтар болды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Андреев-Кривин С.А. Ақынның жан-жақты білімі. М. «Советская Россия», 1978.
2. Белинский В.Г. Біздің заманымыздың қаһарманы. М.Лермонтовтың шығармасы. -Санкт Петербург. 1840. Екі бөлім.
3. Белинский В.Г. «Біздің заманның қаһарманы» романы. М. Газет мақаласы, 1840 ж. 4. Белинский В.Г. Таңдалған мақалалар. - М., 1980.
5. Белинский В.Г. Мақалалар мен шолулар. М.КСРО Ғылым академиясының баспасы, 1971
6. Аймауытов Ж. Ақбілек. - Алматы: Атамұра, 2003.

ӘОЖ 02.17

БАРСИСА МЕН ФАУСТ ТРАГЕДИЯСЫНДАҒЫ ДІНИ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕР

Курбанбаева Шахрезада Тулепқызы

saherezadak@gmail.com

Л.Г.Гумилев атындағы ЕҰУ филология факультетінің 3курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.д., қауым. проф.А.Ә.Үсен

Дін мәселесі адамзат тарихында қашан да өзекті бола бермек. Адам мен шайтанның, адам мен Құдайдың арасындағы ара-қатынас, адамның шайтанға азғырылуы халық арасында діни мифтерден бастап авторлық талай шығармаларға арқау болған. Солардың бірі – Иоганн Вольфганг Гётедің «Фауст» драмасы. Трагедияда Фауст өмірден түңіліп кетеді, ғаламдағы бар нәрсені, атап айтқанда, махаббат пен отбасын, үміт пен күмәнді қарғап, өзіне қол салып, өмірден кеткісі келеді. Алайда, Ібіліске тап болады. Бұл - адам баласының иманы әлсіреуі мен шайтанның азғыруға кіріскенінің көрінісі. Өз өмірінің мәнін жоғалтқан Фауст Мефистофельге зор беделге ие болу үшін жанын сатады. Фаусттың сүйіктісі Маргарита екені бәрімізге мәлім. Фауст туралы кездесетін аңыздарда Ібіліс оның үйленуіне қарсы болады, бірақ Гётедің шығармасында, керісінше, Мефистофель Фауст пен Маргаританың қосылуына қолдау білдіріп, көмек береді. Екі ғашықтың жеке кездесуіне мүмкіндік тууы үшін Фауст Маргаритаға анасына берсін деп дәрі ұсынады. Маргарита, әрине, оның ұсынысын қабыл алып, дәріні анасына береді. Нәтижесінде, оның анасы қайтыс болады. Фауст пен Маргарита махаббатқа бөленіп, нәтижесінде ару жүкті болады. Оны білген Маргаританың ағасы Валентин Фаустты қуып, қарындасымен мүлде жақындатпайды. Бұл жағдайдың соңы Валентинмен Фауст арасындағы қақтығыстан Фаусттың Мефистофельмен бірге Валентинді өлтіргенімен аяқталады. Қаладан кетіп қалған Фауст одан кейін Маргаританың рухын көрмейінше қалыпты өмір сүре береді. Маргаританы еске алған Фауст оған барғанда, Маргаританың жағдайы нашар еді, яғни ол өзінің қызын өлтіргені үшін сотталып кеткен екен. Маргарита Фаусттың бірге қашайық деген ойына келіспей, бұл әлемде әділдік болуын қалайды:

Фауст:

Жүр кетейік, уақытым тапшы тым.

Маргарита: